

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 133 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 мамырда № 4604 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 312 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 19.11.2018 № 312 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің:

1) 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 88 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4056 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 сәуірде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2017 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық банкінде жарияланған);

2) 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 349 "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 88 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4296 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 желтоқсанда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018

жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық банкінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ә.Ш.Өсербаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж. Түймебаев

Ә.Ш. Өсербаев

А.Е. Тұрғымбеков

Е.Ә. Садыр

Ұ. Сәдібеков

Т.К. Сәрсембаев

Е.Қ. Тасжүреков

А.С. Сәбитов

А.Б. Тасыбаев

Оңтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2018 жылғы
14 мамырдағы
№ 133 қаулысына
қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 20.07.2018 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--	--	--	--

№	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидия соммасы м ы н теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемі					
Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлы аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	87 000	870 000,0
1.2	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	1 500	15 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
		бас	150 000	2 200	330 000,0
Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	3 200	32 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	50	8 500,0
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал				
	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000	1 975	296 250,0
Ірі қара мал шаруашылығы					
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	3844	72 000	276 768,0
2.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	350	35 000,0
Шошқа шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу				
		бас	75 000	131	9 825,0
Қой шаруашылығы					
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда, ауыл шаруашылығы кооперативтерінде, сондай-ақ, қойдың қаракөл тұқымдарын өсірумен айналысатын шаруа (фермер) қожалықтарында қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	1392	100 000	139 200,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымдық оялардың аналық басы	бас	2 500	100 000	250 000,0
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	497 136	745 704,0
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу				
1)	тұсақтар	бас	8000	13 000	104 000,0

2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	7 000	140 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100000	50	5 000,0
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	92	3 680,0
Балара шаруашылығы					
1.	Балар аұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы	9 918	3 200	31 737,6
Барлығы					3 292 664,6
Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері					
Ірі қара мал шаруашылығы					
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	6 001	270 045,0
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	4 000	240 000,0
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	4 381	284 765,0
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000	4 000	300 000,0
2.	ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	6 000	120 000,0
Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы					
1.	Сүтөндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	тонна	25	10 500	262 500,0
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	тонна	15	9 005	135 075,0
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	тонна	10	3 800,7	38 007,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату				
1)	1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	тонна	50	3 500,0	175 000,0
2)	күрке тауық етін өндіру құнын арзандату	тонна	200	7 520,0	1 504 000,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1)	100 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2,5	142 000,0	355 000,0
2)	20 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2	20 000,0	40 000,0
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату				
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	тонна	100	120	12 000,0
2)	нақты бордақыланғаны 500 бастан бастап	тонна	55	100	5 500,0
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1500	9 963	14 944,5
2.	Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату				

1)	сапасы 60-тан басталатын жүн	тонна	150	50,0	7 500,0
2)	сапасы 50-ден басталатын жүн	тонна	100	50,0	5 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	тонна	110	1 000,0	110 000,0
2.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	тонна	120	1 950,009	234 001,1
Түйе шаруашылығы					
1.	Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	тонна	92	900	82 800,0
Азық өндіру					
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрамажем зауыттары өткізген құрамажем құнын арзандату	тонна	20 000	559,89	11 197,8
Барлығы					4 207 335,4